

## ҚАРАЖАНБАС АВТОПАРКІН ЖАҢАРТУ: 13 АРНАЙЫ ТЕХНИКА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



### БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

2-3  
бет

БҰРҒЫШЫ - БЕДЕЛІ БИІК  
МАМАНДЫҚ!  
ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК!

4  
бет

ЖАҢА ТЕХНИКА ЖҰМЫС  
ҚАРҚЫНЫН КҮШЕЙТЕДІ  
ЕҢБЕК - ЕРДІҢ СЕРІГІ!

5  
бет

ҚБМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА  
СӘЙКЕСТІГІН РАСТАДЫ  
ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ  
БӘРІНЕ ОРТАҚ!

6  
бет

МАРАПАТ МҰНАЙШЫ МЕРЕЙІН  
АСҚАҚТАТАДЫ  
ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУДІҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

7  
бет

АРДАГЕР МҰНАЙШЫ  
АЗАТ БАЙМҰХАНОВ ҚҰРМЕТТІ  
ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

8  
бет

ҚАРАЖАНБАС ГЕОЛОГТАРЫ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ  
ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН  
ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

9  
бет

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА -  
ҚҰРМЕТПЕН!

10  
бет

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚҰРМЕТТІ  
ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ  
ЫНТЫМАҚ - ДОСТЫҚ БАСТАУЫ  
ШАҒЫН ФУТБОЛ - ҰЛЫ ДОСТЫҚ  
НЕГІЗІ

11  
бет

МҰНАЙШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ  
СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР БАСТАЛДЫ

12  
бет

ТАСАДА ӨСКЕН ГҮЛ



«Қаражанбасмұнай» АҚ автопаркі 13 бірлік жаңа арнайы техникамен толықты. Технологиялық көлік департаментінің (ТКД) №1 өндірістік базасы қызметкерлеріне 10, №2 гаражға 3 цементтеуші агрегаттың (ЦА-320) кілті табысталды.

Бұл автопаркті жаңғырту және процестерді автоматтандыру жоспары аясында жүзеге асып жатқан жұмыстың жалғасы. Пайдалануға берілген цементтеуші агрегаттар ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу кезінде құбырлардың қысымын өлшеп, жер қабаттарына су айдау, цементтеу қызметтерін атқарады. Оған қоса ыстық және

салқын сумен ұңғыма бөлшектерін жууға, құбырларды шаюға пайдаланылады.

«Әрбір көлік құралы өндіріс процесінде үлкен рөл атқарады. Сондықтан ескірген техникаларды жаңартудың маңызы орасан зор. Жаңа көліктерді пайдалану жұмысқа жаңа серпін бере отырып, өндіріс үздіксіздігін сақтау мүмкіндігін молайтады», - деді көлік қызметкерлері.

Айта кету керек, Қаражанбастың қос гаражына жыл басынан бері 140 техника берілді. Автопаркті жаңғырту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.



## БҰРҒЫШЫ - БЕДЕЛІ БИІК МАМАНДЫҚ!

Қаражанбастың бұрғылау тарихы 1974 жылдан бастау алады. Мұнда Маңғышлақ барлау бұрғылау басқармасы К-12 ұңғымасын қазып, алғашқы фонтан атқылаған еді. 1980 жылдары өндіріс жаңа қарқын алып, Жетібай бұрғылау басқармасы бұрғылау жұмыстарына жан бітірді. Ал жаңа ғасырдың басында IRI-5000 бұрғылау қондырғысымен алғашқы

ұңғыма қазылды. Сол кезеңдерден бері қазыналы кен орнындағы бұрғылау процесі үздіксіз жалғасып келеді.

«Қаражанбасмұнай» АҚ бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің бұрғылау қондырғысы ең алдымен геологтар бекіткен нұсқама бойынша қажетті аймаққа көшіріледі. Вахтамен жұмыс істейтін шебер,

бұрғышы, бұрғышы көмекшісі, машинист, слесарь, дәнекерлеуші сияқты 50-ге жуық білікті маманнан құралған топтар жер қабатының ерекшеліктері мен кездесуі мүмкін кедергілерді алдын ала болжай отырып, бұрғылау қондырғысының монтаж-демонтажы, ұңғыма қазу, құбырларды бекіту жұмыстарына жауапты.

«Бұрғылау процесінде теориямен қатар тәжірибеге аса көңіл бөлінеді. Мысалы Қаражанбастың батыс, орталық, шығыс бөліктері өзіндік ерекшеліктерге ие. Ұңғыма қазу барысында күтпеген кедергілерге тап болып жатамыз. Мұндайда бұрғышыларымыздың тәжіри-бесіне сүйенуге тура келеді. Жұмыс сапасын арттыру үшін әлі де жоспарлы шараларды жүзеге асыру жолында еңбектенеміз», - деді БЖҰЖКЖД директоры Т.Жайман.

Жаңа ұңғыма қазу өндірістегі ең күрделі процесс болғандықтан мұндағы жұмыс тәуліктің қай бөлігінде де қайнап жатады. Бұрғышылар техника қауіпсіздігін қатаң сақтай отырып, жылына тереңдігі 290-нан 480 метрге дейінгі 50-ден астам көлбеу және тік ұңғымалар қазады. Қара күш пен кәсіби біліктілікті, тәжірибе мен төзімділікті тең ұстаған мамандар жұмыс нәтижесі мен жаңа ұңғымалар санын арттыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Атап айтсақ, бұрғылау және шегендеу цемент ерітіндісін жақсартуға ерекше көңіл бөлінген. Жаңа техникалар пайдаланылып, жұмыс процесін қашықтан бақылауға жағдай жасалған.

«Қызметіміз қанша қиын болса да, өзімізге ұнайды. Себебі бұрғылау процесі бізді берік ете түседі. Мұнда нағыз білімді, ер мінезді, шыдамды жұмысшылар еңбек етеді. Жер қойнауына жасырынған қара алтынды өндіру әр азамат үшін абыройлы іс», - дейді жұмыс тобының жігіттері.

Бұрғылау тобының жұмысты орындау сапасы – Қаражанбас абыройына тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндағы әр маман өндірістің қателікті кешірмейтінін ескере отырып, қызметіне асқан жауапкершілікпен қарайды. Шеберлер мен қондырғы басшысы кірпік қақпай процесі қатаң бақылауда ұстаса, кен орнындағы технологиялық топ жұмыстың нұсқамада бекітілген ережелерге сәйкес жүргізілуіне қадағалап отырады. Апорталық кеңседегі бұрғылау бөлімінің мамандары өндіріске қажетті жабдықтарды уақытылы жеткізу мен құжаттамаларды реттеумен айналысады. Берік әріптестік қарым-қатынас арқасында бірлескен іс өрге басып, Қаражанбас бұрғышыларының абыройы асқақтай бермек.



## ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК!



Қаражанбас талай мұнайшының шеберлігін шыңдап, білікті мамандарды сала саңлағына айналдырған қазыналы кен орын. Мұндағы әр жұмысшы ортақ мақсат – өлке өндірісін дамытып, қара алтын игеру үшін тынымсыз тер төгеді. Мамандықтың қыр-сырымен бөлісіп, адамдық құндылықтарды насихаттайтын қаражанбастықтар қай кезде де ерекше құрметке ие. Солардың бірі – бұрғылау және ұңғымалады жерасты күрделі жөндеу департаментінің шебері Балқаш Туляев.

Кейіпкеріміздің Қаражанбастағы еңбек жолы жаңа ғасыр шымылдығын түрген шақпен тұспа-тұс келеді. Балқаш Туляев қызметін өндірістегі ең жауапты да күрделі процесс саналатын бұрғылау жұмыстарын жүргізетін бригадада бастады. Алып қондырғыны көшіру, құрастыру-жинау, ұңғыма қазу, құбырларды бекіту жұмыстарын жетік меңгерген ол кейін қызметін топ шебері болып жалғастырды. Содан бері бригаданың тапсырманы тиянақты

орындауы мен барлық жұмыс процесі Балқаш Туляевтің қадағалауында.

«Біз екі ауысыммен күндіз де, түнде де қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, үздіксіз жұмыс істейміз. Жаңа ұңғыма қазған сайын тәжірибеміз толығып, дами түсеміз. Қаражанбас бәріміздің қанатымызды қатайтқан кен орны болғандықтан, оның дамуына әрбір жұмысшы әлі талай сүбелі үлес қосатынына сенімдімін», - дейді кейіпкеріміз.

Балқаш – білікті маман, әріптестер арасында ағалық ақылын аямайтын жанашыр жан, асыл жарымен бірге үш перзент жетілдірген отағасы. Әке жолын жалғаған ортаншы ұлы Роллан кен орнындағы геология және игеру бөлімі басшысының орынбасары болып жұмыс істейді. Осылайша адалдығымен, қарапайымдылығымен, тиянақтылығымен дараланған Туляевтар адал еңбек арқасында талайдың алғысына бөленіп келеді.





## ЖАҢА ТЕХНИКА ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫН КҮШЕЙТЕДІ

Қаражанбастың бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті жұмысшылары зор қуанышқа кенелді. Компанияның автопаркті жаңарту бағдарламасы аясында оларға 3 көтеру қондырғысының кілті табысталды.


Енді сұжаңа арнайы техникалар арқылы ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмыстарының сапасы жақсара түспек. Бригадалар көтеру мүмкіндігі

40 тонна болатын қондырғы көмегімен сораптар мен құбырларды ауыстыру, жуып-шаю, жөндеу сияқты бірнеше технологиялық процестерді тез әрі тиянақты орындауға мүмкіндік алды. Бұрғышы көмекшілері, бұрғышылар, машинстер мен шеберлер жаңа техника жұмысқа зор құлшыныс сыйлағанын ерекше атап өтті.

«Әрбір техника өндіріс процесінде үлкен рөл атқарады. Бұрынғы көтеру

қондырғылары уақыт өте ескіріп, жөндеуді қажет ететін. Енді ондай мәселелер туындамайтын болды. Автопаркті жаңарту аясында жаңа техникадан үлесті болғанымызға қуаныштымыз», - деді жұмысшылар.

Қаражанбастықтар биылдың өзінде 150-ге жуық жаңа техниканың шарапатын көріп үлгерді. Автопаркті толықтыру жұмыстары келер жылы да жалғасын табады.



## ЕҢБЕК – ЕРДІҢ СЕРІГІ!



Бақыттың кілтін адал қызметтен тапқан «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнайшылары – өлке өндірісін өрге сүйреп келе жатқан кәсіби білікті мамандар. Олар қытымыр қыстың суығы мен жаздың аптабына қарамастан, ортақ мүдде үшін тынымсыз тер төгеді. Сондықтан әр қаражанбастықтың еңбек жолы құнды естеліктер мен тағылымды тарихқа толы. Бұл жолы компанияның ірі де маңызды бөлімдерінің бірі – технологиялық көлік басқармасының жұмысшысы Жұмабай Салықовтың қызметімен таныстырамыз.

Жұмабай Салықов Қаражанбастағы алғашқы вахтаға осыдан 21 жыл бұрын келді. Жаңа ғасырдың басында жұмысқа жаңа дем берген ол қызметін арнайы техника, яғни бульдозер жүргізуден бастаған. Ісіне жауапты маман әр тапсырманы тиянақты орындап, әріптестерімен тез тіл табысты. Кейін жүк көтергіш көлікті тізгіндеуге ауысып, әлі күнге дейін абыройлы еңбек етіп келеді.

«Қаражанбас – қайнаған еңбек ордасы. Кәсібін сүйетін нағыз іскер мұнайшылар мекені. Осындай үлгілі ұжымның бір бөлшегі болып, өндірістің дамуына үлес қосқаным

қуаныштымын. Мұнда өмірдің ең қызықты, ең табысты, есте қаларлық жылдары өтті деп айта аламын. Бірлік пен ынтымақ арқасында қаражанбастықтардың алар асуы алда екеніне бек сенімдімін!», - дейді кейіпкеріміз.

Алпыстың асуынан асқан жұмысшы соңғы вахтасын қимастықпен аяқтады. Әріптестері Жұмабай Салықовқа құрмет көрсетіп, абыройлы қызметі үшін алғыс білдірді. Осылайша білікті маман, қамқор да ақылшы азамат еңбек деген белестен асып, құрметті зейнет кезеңіне қадам басты.

## ҚБМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІГІН РАСТАДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) сыртқы қадағалау аудиті нәтижелері бойынша менеджменттің интеграцияланған жүйесінің (МИЖ) халықаралық стандарттарына сәйкестігін растады.

Ағымдағы жылдың 27-29 қараша аралығында «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ компанияда ISO 9001 «Сапа менеджменті жүйесі», 14001 «Экологиялық менеджмент жүйесі», 45001 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі» стандарттарының жұмысына инспекциялық аудит жүргізді. Мамандар екі күн бойы аталған салалар бойынша атқарылып

жатқан шаралар сәйкестігін тексеріп, оң баға берді. Қорытынды кеңесте «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ ҚБМ Басқармасына алғыс хат пен «Сапа көшбасшысы 2023» естелік статуеткасын табыс етті.

Еске салайық, былтыр ҚБМ-да алғаш рет МИЖ сәтті енгізіліп, материалдық және физикалық тәуекелдер бір ортаға шоғырланды. Ол өндірістігі қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, процестердің тиімділігі мен ашықтығын, шығындардың туындау қаупінің деңгейін төмендету, ЕҚ, ДҚ және ҚОҚ процестерін басқару деңгейін көтеруді қамтамасыз етеді.



## ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ БӘРІНЕ ОРТАҚ!

Бүгін, 3 қараша күні, «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) орталық кеңсесінде ҚБМ Басқармасы компанияға әртүрлі сала бойынша қызмет көрсететін мердігер мекеме басшыларымен кездесті.

Жиналыста жыл басынан бері қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылған жұмыстарға шолу жасалып, компанияның тоғыз «Өмірлік маңызды қағидасы» толық түсіндірілді. Өз кезегінде ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов компания жұмысшыларымен қатар, мердігер мекеме қызметкерлері де қауіпсіздік ережелеріне бей-жай қарамай, еңбек тәртібін қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

«Біздің компания жазатайым оқиғалардың алдын алуға тырысады. Сондықтан ҚБМ мен мердігер ұйымдар бірігіп, қауіпсіз өндіріс мәдениетін дамыта түсуіміз қажет. Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясаты аясында, біз әрбір қызметкердің өз қауіпсіздігі және әріптестерінің қауіпсіздігі үшін дербес жауапкершілік сезімін дамытамыз», - деді Н.Союнов.

ҚБМ жұмысшылары былтырдан бері «Қорғау» картасын толтыруға ерекше атсалысып келеді. Мақсат - өндірістік жарақаттардан сақтанып, жазатайым оқиғаларды болдырмауға үлес қосу. Алдағы уақытта аталмыш жобаға мердігер мекеме басшыларымен қатар, қызметкерлерді толық ақпараттандыру және қатыстыру көзделіп отыр.

Жиналыс соңында 19 қазан - құтқарушылардың кәсіби мерекесіне орай, Қаражанбаста құтқару қызметін атқаратын «Семсер Өрт сөндіруші» және «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабына» ҚБМ Басқармасының алғыс хаты табыс етілді.





## МАРАПАТ МҰНАЙШЫ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТАДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлеріне мерекелік марапаттар табыстау әлі де жалғасын тауып жатыр. Бұл жолы орталық кеңсе мен II вахта жұмысшылары «Самұрық - Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның естелік төсбелгісі, Құрмет грамоталары, алғыс хаттарымен марапатталды. Компания басшылығы ҚБМ-ның дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жұмысшыларды құттықтап, қаражанбастықтардың адал еңбегі, қызметтегі кәсіби біліктілік пен жауапкершілігін ерекше атап өтті.

Марапат иелерінің арасында спортта биік белесті бағындырған мұнайшы да бар. Технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев биыл Орал қаласында Самбо күресінен спорт шеберлері арасында өткен Әлем чемпионатында қола медаль қанжығалаған еді. Өндіріс пен спортты қатар ұстап, ел намысын асқақтатқан жұмысшыға ҚБМ басшылығы алғыс білдіріп, жетістігінің еселенуін тіледі.

«Марапат – жұмысқа құлшынысымызды арттырып, мерейімізді өсірді. Ел игілігі үшін жасап жатқан еңбегіміздің еленгеніне қуаныштымыз. Қаражанбас – бізді маман ретінде шыңдаған мекеме. Ортақ абыройымыздың артуы үшін тынымсыз тер төгуге әрқашан дайынбыз», - деді қаражанбастықтар.



## ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қаражанбас мұнайшылары жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек дауларын шешудің құқықтық мәселелері және сыни тұрғыдан ойлау бойынша білімін нығайтып жатыр. Екі күндік тренингте олар еңбек дауларының түпкі себебін анықтап, бітімге келу және туындаған сұрақтарды заң аясында шешу мәселелерін тереңінен талқылайды.

Оқыту сабақтарына барлығы 30-ға жуық жұмысшы, профкомдар мен цехкомдар қатысты. Мұнайшыларға білімді де тәжірибелі сапаршылар дәріс оқып, еңбек дауларын тиімді шешу стратегияларын таныстырды. Ал екінші күні қаражанбастықтар сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін шыңдайды. Тренинг барысында мұнайшылар миға шабуыл жасап, берілген ситуациялық тапсырмаларды жеке және топ болып орындады.

«Кез келген дау мақұлмен емес, ақылмен шешіледі. Қос тарап та қолданыстағы заңды жетік білуі тиіс. Әркім өз міндеттерін мінсіз орындаса түсініспеушілік туындамайды. Семинарда айтылған ақпараттарды көңілге түйіп, түрлі кейстерді талқыладық. Біз үшін пайдалы оқу болды», - деді қатысушылар.



Тренингтен соң қатысушыларға оқуды сәтті аяқтағанын растайтын сертификаттар табыс етілді. Айта кетейік, аталмыш семинар келесі вахта жұмысшыларына да өткізіледі.

## АРДАГЕР МҰНАЙШЫ АЗАТ БАЙМҰХАНОВ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ



Жер қойнауынан қара алтын игеру жолында тер төгетін әр мұнайшының қызметі бүкіл елдің әл-ауқатын арттыруға тікелей байланысты. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін олар отбасынан жырақта жүріп, өндіріс алаңдарында еткен адал еңбегін Отанның мерейіне арнаған жандар.

Ардагер мұнайшылар салған сара жолмен жүріп, кен орнына қадам басқан талай жастың тәлімгеріне айналған №2 мұнай өндіру цехының 6-дәрежелі операторы Азат Баймұханов зейнет жасына жетіп, құрметті демалысқа шықты.

Ол Қаражанбаста игеру жұмыстары жүріп жатқан 1982 жылдан бері табан аудармай қызмет еткен кәсіби білікті мұнайшы. Азат Баймұханов күнделікті өндіріс көлемінің орындалуын, сорап қысымын және ұңғымадағы барлық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін бақылауға жауапты маман. Кен орнының қалыптасу кезеңіндегі қызық та қиын күндерді көзбен көрген кейіпкеріміз үнемі естеліктермен бөлісіп, тарихтан сыр шертіп отырады. «Жаздың таңдай кептіретін ыстығы мен қаңтардың сүйектен өтер ызғарында өндіріс жұмысында жүрдік, түнде вагонға түнейтінбіз. Жағдайға қарамастан қажырлы еңбек ете жүріп, шаршадық деп айтпадық. Себебі кез келген қиындық жұмысшыны берік ете түсетінін ұғынатынбыз», - деп Азат Баймұханов өткен жылдарды еске алды.

Алпыстың асуынан асқан азамат еңбек ұжымының құрметіне бөленген үлгілі әріптес, ақылшы аға. Бір үйдің баласындай, бір баудың ағашындай тату-тәтті цех жұмысшылары зейнет демалысы алдында Азат Баймұхановтың ұзақ жылдар бойы атқарған адал еңбегіне шексіз алғыс айтты. Өз кезегінде ардагер білімді де талапты жас мұнайшыларға сүйікті қызметін алаңсыз, сеніммен тапсырып жатқанына қуанышты екенін жеткізді. Сондай-ақ ол тәжірибелі мамандар барда Қаражанбастың болашағы жарқын екеніне кәміл сенетінін айтып, ақ батасын берді.

40 жыл... Тарих үшін қас-қағым сәт болса да тұтас ғұмыр, сан мың естелік жазылған өмір кітабының алтын тарауы іспетті. Соңғы вахтасын қимастықпен аяқтаған Азат Баймұханов енді ғұмырының жаңа кезеңін ұл-қыздарынан тараған ұрпаққа арнамақ.





## ҚАРАЖАНБАС ГЕОЛОГТАРЫ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ геология және игеру саласының қызметкерлері геологтар мен гидродинамиктердің көпсалалы тобында жұмыс істеу бағыты бойынша білімін нығайтты. Алматыда өткен үш күндік оқытуда олар кен орнының геологиялық-гидродинамикалық моделін құрудың қыр-сырымен тереңірек танысты.

Жер қойнауын жетік білетін мамандарға тәжірибелі тренер Арман Мұхамедияров дәріс оқыды. Қатысушылар алдымен геологиялық-технологиялық модельдердің қазіргі жағдайын талқылады. Бұдан соң модельді сараптап, оны мінсіз ету үшін қандай тәсілдерді қолдану қажеттігімен танысты. Сабақ барысында геологтар тор мен параметрлерді масштабтау, гидродинамикалық модельдеу, сүзу процестерін сипаттау кезінде деректерді бейімдеу және кешендеу принципін қолдану, кен орнының геологиялық негізін салу тақырыптарын толық меңгеріп шықты.



«Уақыт өткен сайын кен орындарын жан-жақты дамыту, өндірістік процесте жаңа технологияларды пайдалану білім мен қабілетті талап етеді. Осы мақсатта біз теориялық білімімізді нығайттық. Әріптестермен пікір алмасып, тәжірибе бөлістік. Алған біліміміздің Қаражанбасты игеру жолында кәдеге жарайтынына сенімдіміз», - деді Қаражанбас геологтары.

Геологтар дәрістен тың ақпараттарға қанық болып, инсайттарды қызу талқылады. Оқыту соңында қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

## ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылары деструктивті діни ағымдар жетегіне ермеу және экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесуге қатысты. Мұнайшыларға Ақтау қалалық Ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің Қоғамдық даму орталығы, дін мәселелері бойынша ақпараттық-талдау бөлімінің дінтанушысы Нұрлан Газимов ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аталмыш саладағы көкейтесті мәселелерге тереңірек тоқталды.

Жиында алдымен ел аумағында дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі кешенді жоспар таныстырылды. Одан соң деструктивті ағым өкілдері

қолданатын психологиялық әдіс-тәсілдерден қорғану туралы айтылды. Сондай-ақ жиналғандарға діни сауатты дұрыс бағытта арттыруға ерекше назар аудару қажеттігі ескертілді.

Еркін пікір алмасу форматындағы кездесуде қаражанбастықтар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Бұған қоса мамандар шалыс қадам шыңырауға құлататынын ұғындырып, экстремизм мен терроризмнен, діни фанатизмнен аулақ болуға шақырды.



## ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА – ҚҰРМЕТПЕН!



«Қаражанбасмұнай» АҚ қабат қондырғыларының жұмысын бес қысымын ұстау цехының ұжымы сорап қондырғыларының машинисі Оңдасын Құсымбаевты құрметті демалысқа шығарып салды. Әріптестері ардагерге компаниядағы ұзақ жылғы адал да өнімді еңбегі үшін алғыс білдіріп, жылы лебізін арнады.

Оңдасын Құсымбаев Қаражанбас кен орнында 27 жылдан бері табан аудармай еңбек етіп келеді. Ол сорап

қондырғыларының жұмысын бес саусағындаймеңгеріп, жерқабаттарына су айдау арқылы қысымды ұстап тұруға атсалысты. Білікті маманның өндірістік цех жұмысын алға жылжытуға қосқан үлесі орасан зор.

«Еңбек – өмірдің маңызды тарауы болса, оның Қаражанбаста өткені мен үшін зор бақыт. Бұл біздің екінші үйіміз. Әріптестер бауырымыздай жақынға айналды. Соңғы вахтада көңілдегі

қимастық сезім басым. Дегенмен жас толқын еңбегімізді одан әрі абыроймен жалғастырады деген сенімдемін», - деді О.Құсымбаев.

Зейнет демалысы – ұзақжылғы адал еңбек жемісі. Цех ұжымының құрметіне бөленген ардагер әріптестеріне ықыласын білдіріп, ақ бата берді. Енді оны ғұмырының бала-шағасы мен немере-жиендеріне арнайтын жаңа, маңызды әрі қызыққа толы кезеңі күтіп тұр.



## КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ ұжымы технологиялық көлік департаменті, көлікті пайдалану бөлімінің басшысы Айдарбек Нсамбаевты құрметті демалысқа шығарып салды. Әріптестері оған компания игілігі жолындағы адал қызметі үшін риясыз рақмет айтып, жылы лебізін білдірді.

Айдарбек Нсамбаев компаниядағы еңбек жолын 2012 жылы аға инженер лауазымынан бастады. Кәсіби біліктілік пен адами құндылықтарды шебер

ұшастырған маман әрі қарай көлікті пайдалану бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді. Қызметтегі жылдары көлік қозғалысы мен жөндеу жұмыстарының ұйымдастырылуын жауапкершілікпен қадағалаған Айдарбек ұжымда сыйлы әріптес, ақылшы ағаға айналды.

«Көлік қызметі компанияның ірі бөлімдерінің бірі. Сондықтан ондағы үздіксіз жұмыс әр маманды белсенді өмір салтына баулиды. Мен өзіме жүктелген әр жұмысты ерекше ыждағаттылықпен

атқаруға тырыстым. Еңбегімнің жемісін көретін жасқа сәтті, абыроймен жеткеніме бек қуаныштымын!», - деді А.Нсамбаев.

ҚБМ – әр жұмысшының өмір кітабындағы алтын тарау. Онда талай жылғы тарих, қызметтегі қызық пен қиындық естеліктері тізбектелген. Құрмет демалысына шыққан білікті маманды енді өмірдің жаңа, маңызды әрі ғибратты кезеңі күтіп тұр.





## ЫНТЫМАҚ – ДОСТЫҚ БАСТАУЫ



Ұжымдағы бірлік пен татулық – тұрақты даму мен оң нәтиже кепілі. Қаражанбастың №3 мұнай өндіру цехы (МӨЦ) жұмысшылары әріптестік қарым-қатынасты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында цехішілік шағын футбол турнирін ұйымдастырды.

Аяқдоп бәсекесіне сақадай сай мұнайшылар жұмыс ауысымын сәтті аяқтаған соң, спортзалға асықты. Сайыста

8 команда бақ сынап, мықтыларды анықтады. Мұнай және газ өндіру операторлары, слесарьлар, геологтар мен инженерлер құрамасы өз командасының намысын абыроймен қорғап, жеңіске жетуге барын салды.

«Әріптестер арасындағы жарыс бізді одан сайын жақындата түсті. Ойын кезінде де қызмет барысындағыдай бір-бірімізді оңай түсініп, тез шешім қабылдап, сәтті

пастар арқасында жеңіс голдарын соқтық. Бірлігіміздің нығая түскеніне қуаныштымыз. Ынтымақ пен достық берік болса алынбас асу болмайды», - деді мұнайшылар.

Тартысты бәсеке нәтижесінде 32-топтық өлшеуіш қондырғы (ТӨҚ) бригадасы үздік үштікті түйіндеді. II сатыға цех кеңсесінің құрамасы жайғасты. Ал чемпиондық атаққа 30-ТӨҚ Б командасы лайық деп танылды. Жеңімпаздарға диплом мен ауыспалы кубок табыс етілді.

## ШАҒЫН ФУТБОЛ – ҰЛЫ ДОСТЫҚ НЕГІЗІ



Қаражанбас мұнайшылары ұжымдық рухты нығайтып, салауатты өмір салтын сақтауға ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта қабат қысымын ұстау цехы жұмысшылары шағын футболдан турнир ұйымдастырып, тартысты бәсекенің мықты командасын анықтады.

Цехішілік жарыс кәсіби футболшылар ойынынан кем түспеді. Додаға операторлар, слесарьлар мен машинистер, шеберлер де мықты дайындықпен келген. Алдымен «4 бригада» және «5-7 бригада»

командалары кездесіп, ерекше ойын өрнегін көрсетті. Турнир кестесіне сәйкес әр матч сайын бірлігі жарасқан бригадалардың жеңіске деген құлшынысы арта түсті. Ойыншыларға жанкүйерлер қолдауы жігер беріп, сәтті пастар жарқын голдармен жарасым тапты.

«Жұмыстан тыс уақытты тиімді өткізіп, спортпен шұғылдану арқылы әріптестер арасындағы бірлікті нығайттық. Осындай жарыстар арқасында ұжымдық қарым-қатынасымыз одан әрі дамып, беки түсетіні сөзсіз. Тек өзара емес,

цехаралық, мекемеаралық додаларда топ жарып, жетістігімізді еселейік», - дейді жұмысшылар.

Қорытындыға сәйкес, «2-8 бригада» құрамасы төртінші сатыға тұрақтады. Ал «4 бригада» жігіттері үздік үштікті түйіндеді. Ерекше ойынымен көзге түскен «6 бригадаға» екінші орын бұйырды. Шашасына шаң жұқтырмаған «5-7 бригада» құрамасы жарыс жеңімпазы атанып, I орын иеленді. Жұлдегерлер мен жеңімпаздарға мақтау қағаздары, сыйлық сертификаттары табыс етілді.

## МҰНАЙШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР БАСТАЛДЫ

ҚР Тәуелсіздік күніне орай Қаражанбастың I вахта жұмысшылары арасында спорттық сайыстар басталды. Мұнайшылар алдағы бір апта бойы арқан тарту, қазақша күрес, шағын футбол, волейбол және баскетболдан сайысқа түседі.

Тартысты бәсеке шымылдығы ұлттық ойын - арқан тартумен ашылды. Додаға өндірістік цехтардан білек күшін бойдағы жігермен жұптастырған 7 құрама қатысты. Командалардың әрқайсысы ерекше тәсілдерді қолдану арқылы қарсыластарды төте жолмен жеңуді көздеді.

Бағы мен бабы қатар шапқандар арасынан пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының (ПЖИЖЦ) жігіттері үздік үштікті түйіндеді. Екінші орын қабат қысымын ұстау цехы (ҚҚҰЦ) құрамасына бұйырды. Шашасына шаң жұқтырмай, қарсыластарынан оқ бойы озық шыққан өндірісті автоматтандыру цехы (ӨАЦ) командасы чемпиондық атаққа лайық деп танылды.



Бұдан соң қаражанбастықтар боз кілемде белдесті. Жарыста 80 келіге дейін және 80+ келі салмақтағы жұмысшылар сынға түсіп, намысты қолдан бермеуге барын салды. Жанкүйерлер әр белдесуді ерекше қошеметпен қолдап, балуандарды жеңіске бір қадам жақындата түсті.

Қорытындыға сәйкес, 80 келіге дейін өнер көрсеткендер арасында ҚҚҰЦ шебері Байдулла Қосаев III, бу өндіру цехының (БӨЦ) машинисі Бейбіт Тілеген II, №2 мұнай өндіру

цехының (МӨЦ) операторы Сабыр Кемелханов I орын иеленді. Ал 80+ келіде бақ сынаған БӨЦ машинисі Нұрлан Ізтілеуов III орынға лайық деп танылды. №3 МӨЦ операторы Кемелханов Әсет екінші сатыға тұрақтады. Жауырыны жерге тимеген ПЖИЖЦ дәнекерлеушісі Жанболат Закарин I орынды қанжығалады.

Кесте бойынша жарыс командалық ойындармен жалғасады. Айта кетейік аталған спорт түрлері бойынша бесеке II вахта жұмысшыларына да өткізіледі.





ҚАРАША АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

04.11.1963 жыл, Никитенко Сергей Григорьевич,  
№4 автотізбек машинисі11.11.1963 жыл, Иманқұлова Самига Балықбайқызы,  
құрылыс-жөндеу цехының сырлаушысы11.11.1963 жыл, Абишева Нүрзила Бисенқызы,  
Қоршаған ортаны қорғау қызметінің инженері13.11.1963 жыл, Айтыманов Тұраш Башаұлы,  
№1 ҰЖКЖЦ шебері18.11.1963 жыл, Мұқанова Сара Шамильқызы,  
Маркшейдерлік топтың картографы21.11.1963 жыл, Балықбаев Серік Келекешұлы,  
№1 ӨҚБ слесарі22.11.1963 жыл, Тоғызбаев Таңат Анбияұлы,  
№5 автотізбек жүргізушісі27.11.1963 жыл, Маңғыбаев Күмісбек Абдешұлы,  
БЖҰЖКЖД учаске басшысы

## 50 жас

02.11.1973 жыл, Шарипов Болат Жалғасұлы,  
Жылу және сумен қамту цехының операторы06.11.1973 жыл, Нұрлыбаев Оразбек Абдулұлы,  
БӨЦ ХСТ аппаратшысы07.11.1973 жыл, Тайшаев Асқар Бақытжанұлы,  
№1 ҰЖКЖЦ шебері19.11.1973 жыл, Өтепов Бердіхан Түгілбайұлы,  
ӨАЦ слесарі20.11.1973 жыл, Қаратабанов Қайрат Мухаммедінұлы,  
Маркшейдерлік топ өлшеушісі21.11.1973 жыл, Құлов Берік Қазбөлекұлы,  
№2 автотізбек жүргізушісі24.11.1973 жыл, Көшімов Бердали Әмірқанұлы,  
Жөндеу-механикалық цехының слесарі26.11.1973 жыл, Усжанов Аңсат Қуанбекұлы,  
№2 ҰЖКЖЦ бұрғышысы28.11.1973 жыл, Нұр Рзахан Жұмажанұлы,  
БӨЦ машинисі28.11.1973 жыл, Маханов Аманбек Әділханұлы,  
ГЦ слесарі29.11.1973 жыл, Байсегізев Исладин Есқуатұлы,  
Дәнекерлеу-монтаждау учаскесінің шебері

## Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,  
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.  
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,  
Артылып абыроймен беделіңіз!

## Құрметті әріптестер!

16 желтоқсан — ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ

Әлеуметтік саясат және мердігерлермен өзара қарым-қатынас  
департаменті қызметкерлері Қаражанбас мұнайшыларына арнап,  
«Тасада өскен гүл» қойылымын сахналауды жоспарлап отыр.Адал достық, жауапсыз сезім, Отанға деген махаббат тоғысқан  
спектакльдің көрермені болуға шақырамыз!

СЦЕНАРИЙ АВТОРЛАРЫ:  
А.СОНАБАЕВА / Н.НӨКЕНОВА

ҚОЮШЫ РЕЖИССЕР:  
ТОҚТАМУРАТ ТІЛЕУ

# ТАСАДА ӨСКЕН ГҮЛ

М.ШАХАНОВТЫҢ "ТАСАДА ӨСКЕН ГҮЛ" ӨЛЕНІНІҢ ЖЕЛІСІМЕН  
САХНАЛАНАТЫН ҚОЙЫЛЫМ

II ВАХТА 20:00 I ВАХТА  
7.12.2023 19.12.2023

ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫНЫҢ МӘДЕНИ-ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ

МАРХАБАТ МАХАМБЕТОВА ЖАЗИРА ҚАНАҒАТОВА МАРАТ СЕБАСОВ АБАЙ ТҮЗЕЛБАЙ АЙГҮЛ СОНАБАЕВА



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

## Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

## Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,  
4 ғимарат

## Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс  
департаменті Директорының орынбасары,  
Телефон: 8 (7292) 473871  
E-mail: M\_Sebasov@kbn.kzТүзелбай А.А. – баспасөз хатшы  
Телефон: 8 (7292) 473072  
E-mail: A\_Tuzelbay@kbn.kzИсаев А.Р. – журналист  
Телефон: 8 (7292) 473002  
E-mail: A\_Issayev@kbn.kzГазет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
№15740-Г куәлігі берілгенГазет ай сайын шығады  
Таралымы 500 дана.Газет «Adver.kz» ЖШС  
баспаханасынан шықты.

## Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 3 «Б» ш/а, 55/7 ғимарат  
Тел.: 8 (7292) 507 000  
Сайт: www.adver.kz